

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 26 (344) ||

1954

жылғы

3

февраль

Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс МТС-терінің айбынды міндеттері

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған машина-трактор станциялары, қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі 28 январь күні Москвада, Кремльдің Үлкен сарайында өзінің жұмысын аяқтады. Январдың 25-нен 28-не дейінгі 4 күн бойы МТС-тердің директорлары, бас инженерлері, бас агрономдары мен зоотехниктері, аудандық комитеттердің машина-трактор станциялары аймақтары жөніндегі секретарьлары, колхоздардың председателдері, ауылшаруашылық органдарының басшылары МТС қызметінің шұғыл мәселелерін барлық жағынан бірдей кең талқылады.

Кеңестің қорытынды мәжілісінде Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас машина-трактор станциялары қызметкерлерінің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жолындағы міндеттеріне ариан сөз сөйледі.

МТС қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылар Совет Одағының машина-трактор станцияларының барлық жұмысшыларына, мамандары мен қызметшілеріне бірауыздан үндеу қабылдады.

«Біз, — делінген үндеуде, — тракторшыларды, комбайншыларды, трактор бригадаларының бригадирлерін, мамандарды — машина-трактор станцияларының барлық қызметкерлерін партия мен үкімет ауыл шаруашылығының алдына қойған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз».

Бұл үндеуде барлық машина-трактор станцияларының егіншілік саласындағы ең ірі өндірістік және ұйымдастыру жұмысын егіннен мол өнім алуға бағыттау, 1954 жылы дәнді дақылдардың, әсіресе, негүрлым бағалы азық-түлік дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыруға мүмкіндік беретіндей шараларды жүзеге асыру, тың және тыңайтылған жерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту міндеттері белгіленген. Партия мен үкімет машина-трактор станцияларының алдына мал шаруашылығын өркендету саласында зор міндет қойды. Бұл міндетті орындау жолындағы күресте былайғы жылдың өзінде-ақ жеткілікті көлемдегі жұмыс орындалуы керек.

де 15 центнерден өнім жыйнау, дәнді дақылдардың егісі үшін 350 мың гектар тың жерді игеру міндеті тұр. Бұл жұмыстарды орындау үшін МТС-тер үстеміз-дегі жылдың алғашқы айларында ғана 250 мыңжыр табанды тракторлар алады. Мұның өзі МТС-терді техника күшін толық пайдалана алатын маман кадрлармен бұдан былай да нығайта беруді керек етеді.

Дегенмен, машина-трактор станцияларының механизатор кадрлармен нығайту ісі әлі де баяу жүргізіліп отырғанын айта кетуіміз керек. Өнеркәсіп орындары мен халық шаруашылығының басқа да салаларында жұмыс істеп жүрген бұрынғы тракторшыларды, комбайншыларды МТС-терге жіберу жұмысы соңғы уақытта тіпті тоқтап қалды деуге болады. Мұндай жағдайларға кейбір өнеркәсіп орындарының басшылары мен партия ұйымдары төзімдік жасап келеді. Әрине, бұл дұрыс емес. МТС-терді және колхоздарды маман кадрлармен нығайта беруді партия, совет және шаруашылық органдары бір минут-те естен шығармауға тиіс.

Колхоздарда егін шаруашылығының мәдениетін арттырып, оған тұрақты және мол өнім алу, сол сияқты, мал шаруашылығын барған сайын өркендете беру міндетін шешуге МТС тарапынан көрсетілетін көмектің негүрлым нәтижелі болуы трактор паркiнiң жұмысқа әзір болуына байланысты. Олай болса, тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын тағайындалған мерзімде сапалы жөндеудің маңызы зор. Бірақ, кейбір МТС-тер тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жөніндегі тапсырмаларды мерзімінде орындай алмай келеді. Осының салдарынан Коновалов, Ворошилов атындағы, Чистяк МТС-тері осы уақытқа дейін барлық жөндеуге тиіс тракторлардың 50 процентін де жөндеп болған жоқ. Трактор паркiн жұмысқа әзірлеудегі мұндай баяулыққа төзімділік жасауды қоятын уақыт жетті. Сондықтан МТС басшылары жөндеуші-механизаторлардың еңбек өнімділігін барынша арттыра отырып, тракторларды көктемгі егіс жұмысына әзірлеуді мерзімінде аяқтауды ұйымдастырулары қажет.

Өткен жылдардың тәжірибелеріне қарағанда, көптеген машина-трактор станцияларының қызметіндегі түбірлі кемшіліктердің бірі мынау болып келеді: МТС-тер

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсыну зор белсенділікпен өтуде

Қазақстан еңбекшілері бірауыздылық пен топтасқандық жағдайында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынууда

Қазақстанның қалаларында, селолары мен ауылдарында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыстар өтуде. Жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер өздерінің мызғымас моральдық-саяси бірлігін, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне берік топтасқандығын айқын көрсетуде. Сайлау алдындағы жыйналыстарда еңбекшілер депутаттыққа кандидат етіп, өздерінің лайықты өкілдерінің, біздің Ұлы Отанымыздың адал ұлдары мен қыздарының, социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, ғылым мен искусствоның атақты адамдарының аттарына атауда.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданы, «Қызыл ту» мақта өсіруші колхоздағы сайлау алдындағы жыйналыста бірінші болып ауылшаруашылық артелінің председатели Құлымбетов жолдас сөз алды.

— Өткен сайлаулардан кейінгі жылдар ішінде, — деді ол, — құлазыған даланың бейнесі танымастай өзгерді. Мұнда жаңа қаналдар арқылы келген нәрлі су ғасырлар бойы кеуіп жатқан тыңды суарды. Жаңа жерлерде біздің колхозшылар мақтадан жоғары өнім өсіруде. Бұл — колхозшы шаруалардың ерлік еңбегінің, партия мен үкметтің елімізде материалдық және рухани байлық жасауға үздіксіз көрсетіп отырған қамқорлығының жемісі. Мен ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 124 Шымкент селолық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп ССРО Министрлер Советінің Председатели, СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшесі **Георгий Максимилианович Маленков** жолдасы ұсынамын. Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп Бірінші Жетісай МТС-нің бригадирі **Нұржан Мендібаевты** ұсыну туралы ұсыныс енгіземін. Ол басқарған бригада өткен жылы біздің әрбір гектардан 30 центнерден астам шитті мақта

биеті пәнінің оқытушысы **Нәмәлия Төлгенқызы Мұқанованы** ұсынды.

Алматы облысы, Каскелен ауданы, Буденный атындағы ауылшаруашылық артеліндегі сайлау алдындағы жыйналыста 500-ден аса сайлаушылар келді. Колхозшылар колхозшы Наторный жолдасын ұсынуы бойынша Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 102 Алматы селолық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп **Георгий Максимилианович Маленков** жолдасы, **Вячеслав Михайлович Молотов** жолдасы, **Никита Сергеевич Хрущев** жолдасы және Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары **Сейітғали Жақыпов** жолдасы бірауыздан ұсынған қаулы қабылдады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективі ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 101 Алматы қалалық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп ССРО Мәдениет министрі **Пантелеймон Кондратьевич Пономаренконы** ұсынды. П. К. Пономаренко жолдасын кандидатурасын Қазақстан С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің коллективі мен Жол қатынасы министрлігінің Алматы вагон жөндеу зауыдының коллективі де ұсынды.

№ 499 совхоздың жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 110 Павлодар сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп ССРО Совхоздар министрі **Алексей Иванович Козлов** жолдасы ұсынды. А. И. Козлов жолдасын кандидатурасын Павлодар облысы, Лазо ауданы, Түркібиі МТС-нің, Максим Горький ауданы, «Путь Ленина» колхозының, Галкин ауданы, Киров атындағы колхоздың коллективтері де ұсынды.

Ащысай полиметалл комбинаты байыту фабрикасының коллективі ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 623 Түркістан сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп азат жұмыс-

Г. М. Маленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин және В. В. Губин жолдастардың кандидатураларын қуаттады

Бүгінгі сменаның жұмысы аяқталғаннан кейін Электр станциялары мен электр өнеркәсібі министрлігі зауыдының № 2 цехы жұмысшылар мен инженер-техниктерге және қызметшілерге лық тоқты. Олар ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттардың кандидатураларын қуаттауға жыйналғандар.

Жыйналысты завод комитеті председателінің орынбасары Шелуджова жолдас ашты. Сөз завод партия ұйымының секретары Шалагина жолдасқа берілді. Ол завод жұмысшыларына ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде түсінік айта келіп, оның маңыз-мақсатына тоқталды.

Бұдан кейін завод директоры Кузин жолдас сөз алды.

— Көзір еліміздің еңбекшілері сыяқты завод коллективі де ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін жаңа өндірістік табыстармен қарсы алу үшін қажырлықпен еңбек етуде, — деді ол. — Өткен айда заводта стахановшылардың саны көбейе түсіп, еңбек өнімділігі едәуір артты. Бүгінгі күн біздер, совет адамдары үшін өте қуанышты күн. Бұл күні біз ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынылған кандидаттардың кандидатурасын қуаттамақпыз. Бүгін Киров атындағы заводтың және Петропавл паровоз депо-сының коллективтері Одақ Советінің

№ 618 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп, **Г. М. Маленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин және В. В. Губин** жолдастардың кандидатурасын бірауыздан ұсынды. Мен сіздерді олардың ұсынысын қуаттауға шақырамын.

— Мен, — деді № 3 цехтың жұмысшысы Ларкин жолдас, — цех коллективі атынан Кузин жолдасын ұсынысын қуаттаймын. ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына Маленков, Ворошилов, Булганин және Губин жолдастардың кандидатуралары өте лайықты.

Губин жолдас Қазақ ССР Ішкі істер министрі болып қызмет істейді. Ол партиямыз бен үкметімізге шын жүректен берілген, Отанымыздың қуатын барған сайын арттыру күресіне өзінің күш-жігерін аяқтай жұмсап келе жатқан халқымыздың адал ұлы.

Жыйналысқа қатысушылар ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттыққа ұсынылған **Г. М. Маленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин және В. В. Губин** жолдастардың кандидатураларын бірауыздан қуаттап қаулы қабылдады. Мұнымен бірге, олар бірінші тоқсанның өндірістік жұмыс тапсырмасын ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні — 14 мартқа дейін орындауға міндеттеме алды.

Партия мен үкметке берілгендік

Совет ауданындағы Киров атындағы астық совхозы жұмысшылары мен қызметшілерінің сайлау алдындағы жыйналысы болып өтті. Жыйналысты партия ұйымының секретары Овчаренко жолдас ашты. Жыйналысқа қатысушылар өздерінің бірауыздылығын көрсетіп, ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттыққа ұсынылғандарды қызу қуаттады. Социалистік Еңбек Ері комбайншы Әшкен Мәдібаев жолдасқа сөз берілді.

— Отанымыз күннен-күнге гүлденіп, халқымыздың әл-ауқат және мәдени-тұр-

ленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин және В. В. Губин жолдастардың кандидатураларын Петропавл паровоз депо-сының, Киров атындағы заводтың коллективтері мен Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының колхозшылары бірауыздан ұсынды. Мен сіздерді бұл ұсынысты бірауыздан қуаттауға, сөйтіп, Отанға шексіз берілгендігімізді көрсетуге шақырамын.

Жыйналыста 9 адам сөз сөйлеп, олардың барлығы **Г. М. Маленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин және В. В. Гу-**

шөнтін барлық түрін — пішен, қуырамы және концентрат азық өндіруді мықтап арттырудың, мал шаруашылығындағы ауыр жұмыстарды механикаландырудың шаралары да үндеуде толық көрсетілген. Сол сыяқты, картоп пен өмшө дақылдарын шаршы- ұялап және шаршылап отырғызуды өндірісте кеңінен қолдану арқылы олардан мол өнім алуды қамтамасыз етудің мүмкіншіліктері аталып айтылған.

Міне, сондықтан да облысымыздың барлық МТС-терінің коллективтері, барлық колхозшылары бұл үндеуді қуанышпен қолдап, ауыл шаруашылығы салаларын шұғыл өркендетуді ұйымдастыруға керекті жағдайлардың бәрін шебер пайдалана білудің шараларын жүзеге асыруда. Облыста барлық колхоздарды қамтытын 31 МТС бар. Олардың материалдық-техникалық базалары жыл сайын нығайып келеді. Соңғы уақыттың ішінде машина-трактор станцияларына жоғары және орта дәрежелі білімдері бар қызметкерлердің — инженерлер мен техниктердің, агрономдар мен зоотехниктердің және тракторшылар мен комбайншылардың үлкен армиясы жіберілді. МТС-тер колхоз өндірісін өркендетуде шешуші күшке, социалистік мемлекеттің колхоздарға басшылық етуінде аса маңызды тірек пункттеріне айналып отырғанда, оларды жаңа қуатты техникамен, маман кадрлармен нығайта берудің маңызы зор.

Егін шаруашылығының өндірісін шұғыл өркендету үшін облыс колхоздары мен совхоздарының алдында 1954 жылы егіс көлемін өткен жылға қарағанда 115 мың гектар арттырып, ауылшаруашылық дақылдарының әрбір гектарынан кемін-

сейде өдерінің қызметін колхозда белгілі өндірістік жұмысты тек мерзімінде атқару деп санады, ал, бұл жұмыстың нәтижелерінің байыбына бармады. Атап айтқанда, олар істің бастысы егін шығымдылығы емес, мал шаруашылығының өнімділігі емес, жыртылған жердің гектар есебі деп теріс түсініп келді. МТС-тің міндеттерін былайша түсінудің колхоз өндірісін өркендетуде МТС-тердің ролін күшейтуге бағытталған партия саясатына ешқандай қатынасы жоқ. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы МТС-тер мен колхоздардың өзара қатынастарын анағұрлым жоғары, жаңа сатыға көтерді. МТС-тер кәзір шаруашылықтың әртүрлі саласында шарт бойынша көзделген жұмыстарды жүргізуші болып ғана емес, колхоз өндірісінің басшысы және ұйымдастырушысы болып та отыр. Олай болса, МТС қамтуындағы колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан сайын нығайту үшін, алынған өнім және мал шаруашылығының өнімділігі үшін, колхозшылардың әл-ауқат жағдайы үшін жауап беріп отыруға тиіс.

Мұның өзі колхоз басшыларының ролін төмендету деген сөз емес. Қайта олардың ролі арта түседі деген сөз. Олар МТС қызметкерлерімен бірігіп, колхоз өндірісін барынша өркендетуге тиіс, озат тәжірибені кеңінен қолдана отырып, артта қалған колхоздардың озаттар дәрежесіне жетуін қамтамасыз етуге тиіс.

МТС қызметкерлері ауыл шаруашылығын онан сайын өркендетудің партия қабылдаған программасын жүзеге асыру жолындағы күрестің алдыңғы шебінде тұр. Әрбір тракторшы, комбайншы, тіркеуші, ауыл шаруашылығының әрбір маманы мұны есте ұстауға тиіс.

Құлымбетов жолдастың ұсынысын қолдаған мақта өсіру бригадасының бригадирі Лободин жолдас және колхозшы Құлсатов жолдас Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары, Сыртқы Істер Министрі **Вячеслав Михайлович Молотов** жолдасты, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары **Никита Сергеевич Хрущев** жолдасты ұсынды.

Жыйналыс Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 124 Шымкент селодық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп **Г. М. Маленковты, В. М. Молотовты, Н. С. Хрущевты**, сол сыяқты, Бірінші Жетісай МТС-і трактор бригадасының бригадирі **Нұржан Меңдібаев** жолдасты ұсынуға бірауыздан қаулы қабылдап, ұсынылғандардың осы округ бойынша дауысқа түсуге ризалық беруін сұрады.

Талдықорған облысы, Сарқант ауданы, Сарқант қазақ орта мектебінің коллективі Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 620 Талдықорған сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі, СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшесі **Климент Ефремович Ворошиловты, ССРО Мәдениет министрі П. К. Пономаренко** жолдасты және тәжірибелі педагог, қоғам жұмыстарына белсене қатысушы, қазақ тілі және әде-

биы -транспорттерін **Тәттігүл Досманованың** кандидатурасын бірауыздан ұсынды.

Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Камсақты МТС-нің жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 615 Көкшетау сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп осы МТС-тің директоры, механизаторлар мен колхозшылардың тын жатқан жерлерді игеру және бидайдың өнімділігін арттыру жолындағы күресін шеберлікпен ұйымдастырушы, ауыл шаруашылығының тәжірибелі маманы **Төлеу Сүлейменовтың** кандидатурасын ұсынды.

Байшонас кәсіпшілігінің мұнайшылары Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 106 Гурьев сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп қазақ халқының адал қызы, мұнай шығарудың жаңа әдістерін табысты түрде өндіріске енгізуші атақты өндіріс озаты, қоғам жұмыстарына белсене қатысушы, Байшонас кәсіпшілігіндегі мұнай өндірудің мастері **Балғаным Доспаеваны** ұсынды.

Қарағандының шахталары мен Эмба-ның мұнай кәсіпорындарында, Балхаштың заводтары мен кенді Алтайда, республиканың барлық облыстарының колхоздары, совхоздары мен МТС-терінде ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынуға арналған сайлау алдындағы жыйналыстар бірауыздылық пен топтасқандық жағдайында өтуде. (ҚазТАГ).

суде, — деді ол. — Партиямыз бен үкметіміздің қамқорлығының нәтижесінде колхоздар мен совхоздардың шаруашылығы жағдайы Одақ Советінің № 618 сайлау округі бойынша депутаттыққа **Г. М. Ма-**

Мызғымас бірліктің үлгісі

БҰЛАЕВО. Ауданның колхоздары мен совхоздарында, мекемелерінде және сайлау учас-токтерінде сайлау алдындағы жыйналыстар өтуде. Бұл жыйналыстарда сайлаушылар Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 618 Петропавл сайлау округі және Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат етіп ұсынылғандарды бірауыздан қызу қуаттауда. Сөйтіп, совет адамдары ССРО Конституциясының ұлы принциптерін салтанат етуде.

Бұрнағы күні аудан орталығындағы № 50 Шығыс сайлау учас-тоғіне жүзден астам сайлаушылар келді. Аудандық партия комитетінің секретары Шалимов жолдас жыйналысты ашып, сайлаушы Бектенбаев жолдасқа сөз берді.

— Бұл қуанышты күндерде, — деді шешен, — қаладағы Киров атындағы завод, Петропавл паровоз депосы коллективтері, Куйбышев атындағы МТС-тің, Преснов ауданындағы Маленков атындағы, Мам-

ауыздан қуаттайтындықтарын білдірді. Жыйналысқа қатысушылар ұсынылған кандидаттардан Одақ Советінің № 618 сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризалық сұрап, қаулы қабылдады.

ауданындағы Вильямс атындағы колхоздардың колхозшылары № 618 сайлау округі бойынша Одақ Советінің депутаттығына кандидат етіп **Г. М. Маленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин** және **В. В. Губин** жолдастарды ұсынып, біздің ойымызды тапты. Мен Сіздерді коммунистер мен партияда жоқтардың бәрі ұсынған кандидаттарды қызу қуаттауға шақырамын.

Жыйналғандар Бектенбаев жолдастың шақыруын ду қолпапалақтаумен қарсы алды.

Сол сыяқты, сайлаушылардың жыйналысы № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп, **В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, А. И. Микоян** және **Ж. Қ. Қизатов** жолдастарды ұсыну жөніндегі ұсынысты бірауыздан қызу қуаттады.

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттарды қуаттау жөніндегі жыйналыстар № 51 Батыс сайлау учас-тоғінде, «Новый путь» колхозында және басқа да бірқатар жерлерде болып өтті.

Сайлау құрметіндегі социалистік жарыс

ЖАҢА ҚАРҚЫНМЕН

Қаладағы темекі фабрикасы алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың бірінен саналады. Фабрика коллективі өндірістік жоспарды орындау жолындағы күресте ай сайын жақсы табыстарға не болып келеді.

Үстеміздегі жылдың алғашқы айының өзінде-ақ фабрика коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты өрістетіп отырып, тамаша көрсеткіштерге жетісуде. Фабриканың Мұрыхин, Кривоногов және Майлауны Кривец жолдастар сыяқты озаттары еменалық нормаларын үнемі 1,5 еседен орындап жүр.

Тамақ өнеркәсіп министрлігіне қарас-

ты Алматы кәсіпорындарының жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөніндегі шақыруын қабылдаған фабрика коллективі жылдық жоспарды 25 декабрьге дейін орындауға, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, еңбек өнімділігін арттыруға, жылдық жоспардан тыс 1000 жәшік бірінші сортты темекі өндіруге міндеттеніп отыр.

Фабрика коллективі сайлау қарсаңындағы жарысты өрістетіп түсу нәтижесінде алған міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Январь айы жоспарының мерзімінен бұрын орындалуы бұған айқын дәлел-бола алады.

М. БИКЕНОВ.

Сайлау құрметіндегі вахта

Облысымызда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күннен-күнге қыза түсуде.

Киров атындағы заводтың барлық цехтары еліміздің өміріндегі бұл даңқты күннің құрметіндегі еңбек вахтасына тұрды. Завод коллективі сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуға күш жұмсауда.

Заводта кең өріс алған сайлау құрметіндегі социалистік жарыс өзінің игі нәтижелерін беруде. О. Жамалетдинов жолдастың басқаруындағы цехтың жұмысшылары Пухова, Смирнова, слесарь

Гаврилин жолдастар январь айында өнімді жоспардағыдан екі есе артық өндірді. Жамалетдинов жолдас басқарған цех январь айының тапсырмасын мерзімінен 4 күн бұрын орындап шықты.

Василий Шевелев жолдас басқарған № 8 цехтың коллективі де алдыңғы қатарлы цехтардың бірі. Сайлау күнін даңбықты қарсы алу үшін күресе отырып, бұл цехтың коллективі январь айының программасын мерзімінен бұрын—29 январьда толық орындап шықты.

А. СӘЛМЕНОВ.



Облысымыздың колхоздарында, совхоздары мен МТС-терінде, өнеркәсіп орындары мен мекемелерінде сайлаушылардың ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыстары аса зор саяси өрлеу үстінде өтуде.

СУРЕТТЕ: қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы коллективінің ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат ұсынуға арналған сайлау алдындағы жыйналысы. Жыйналыс фабрика тігіншілерінің зор белсенділігі жағдайында өтті. Олар коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттығына бүкіл совет халқының қалаулыларын ұсынды. Мінбеде — озат тігінші **М. Ыбыраева** жолдас.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**



КОЛХОЗДАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ ЖҮЙНАЛЫСТАРЫ

Игнатенко колхоз председателдігіне неге сайланбады

Жақында Полудень ауданындағы Ленин атындағы колхоз мүшелерінің есеп беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Жыйналысқа колхозшылардың басым көпшілігі қатысты. Олар колхоз председателі Игнатенко жолдастың есепті баяндамасын және тексеру комиссиясы председателінің баяндамасын тыңдап, талқылады. Сөйтіп, өткен 1953 жыл ішінде қол жеткен табыстарды атаумен бірге, колхоз өндірісіндегі орын алып отырған елеулі кемшіліктерге тоқталды.

Өткен жылы колхозда дәнді дақылдар егісінен өнім жоспарда белгіленгеннен көп кем алынған. Картоп пен овощ дақылдарын және темекі егістерін күтіп, баптаудың мүлде нашар ұйымдастырылуынан, бұл дақылдардан пайда табудың орнына, колхоз едәуір зиян шеккен.

Мал басын өсіру жоспары да орындалмаған. Малға жемшөптің өте аз дайындалуы, малды жазда жайылымда бағу, қыста қолда күту жұмыстарының нашар ұйымдастырылуы салдарынан оның өнімділігі кеміп кеткен. Мәселен, жоспар бойынша әрбір сауын сыйырдан 1650 литрден сүт алу белгіленсе, оның орнына 1342 литрден ғана сүт алынған. Сол сияқты, әрбір қойдан 3,9 килограммның орнына 1,7 килограмм ғана жүн қырқылған.

Колхоздың негізгі шаруашылығы болып отырған егіншілік пен мал шаруашылығының өнімдері кем болуының салдарынан ақшалай табыс өте аз болды. Мұның өзі колхозшылардың еңбеккүндерінің құнының төмен болуына әкеліп соққан.

—Шаруашылық салаларының нашар өркендеуіне басты себеп, — деді жарысөзде сөйлеген колхозшы Н. Регловский жолдас, — колхоз басқармасының, әсіресе, оның председателі Игнатенко жолдастың басшылық ету, ұйымдастыру жұмыстарын бетімен жіберуі болып отыр. Өткен жылы көктемгі егіс кезінде жерді жырту, тырмалау жөніндегі агротехникалық ережелер бұрмаланды. Аса бағалы дақыл — бидай егісінің тұқым себу нормасы кемітілуі фактілері болды. Осыларды білетұра Игнатенко жолдас жұмыстың басы-қасында болуды, кездескен кемшіліктерді дереу жоюға басшылық жасап отыруды міндетім деп санамады. Ол тек кеңседе отырып алып «нұсқау» берумен шұғылданды. Егін егу, шөп шабу, егінді жүйнау сияқты қауырт жұмыстар кезінде Игнатенко жолдастың маскүнемдікке салынып, колхоз шаруашылығын басқарудан тысқары қалып жүруі де жиі кездесті. Өткен жылы егілген 44 гектар мал азығындық тамыржемістердің тең жарты-

сы жыйналып алынбады. Ал, жыйналып алынған картоп пен басқа да тамыржемістер мал азығы ретінде пайдаланылмай, ырап бодды.

— Колхоз басқармасы, — деді колхозшы Е. Дедик жолдас, — күрделі шаруашылық мәселелерді шешуге колхозшыларды жұмылдыру міндетін нашар атқарды. Колхоз председателі Игнатенко жолдас мәселені шешкенде басқарма мүшелерімен, колхозшылармен ақылдасып отыру орнына, өзі жекедара басшылық етуді көздеді. Тіпті, шаруашылықта орын алып отырған кемшіліктерді айтып, оны жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасаған колхозшыларға оның: «колхоздың председателі мен, ұйымдастыру жұмысында өзінің жұмысын болмасын» деп жауап берген уақыты да болды. Игнатенко жолдастың осы сияқты іске жеке басшылық етуі, басқарма мүшелерімен ақылдасып отырып жұмыс істемеуі колхозды басқару жұмысында елеулі кемшіліктердің орын алуына жол берді. Өткен жыл ішінде колхоз басқармасының отырысы және колхозшылардың жалпы жыйналыстары уақытында өткізіліп отырылмады. Тіпті, өткізілген жыйналыстардың өздері тек жоғарыдан келген нұсқауларды талқылауға ғана арналды.

Колхозшы Бушель жолдас өзінің сөзін мал шаруашылығына арнады. Үстіміздегі қыста, — деді ол, — малды күтіп, бағу жұмысы нашар жүргізіліп келеді. Барлық мал тар және суық қораларда қыстатылады. Өйткені, мал қораларын жанадан салу жөніндегі белгіленген жоспар орындалмай қалды. Сол сияқты қысқы маусымда малға берілетін негізгі азық тек табиғи пішен мен сабан болып отыр. Соның өзінде сабанды малға алдын-ала әзірлеп, тұрап, булан беру шаралары жүзеге асырылмайды. Азық буландырғыш пайдаланылмай, босқа тұр. Мал күтімінің нашар болуынан, оның өнімділігін едәуір кемітіп отыр. Мал қыстауды ұлғайтқызу аса маңызды жұмыс. Алайда, бұл жұмысқа біздің колхозды қамтитын Полудень МТС-нің басшылары мен мамандары тиісті көмек көрсетпей келеді. Атап айтқанда, колхоздағы сабан тұрағыш машиналардың малға азықты алдын-ала әзірлеп беруге толық пайдаланылуына МТС басшылары көңіл бөлмей келеді. Сол сияқты даладағы жемшөпті мал қоралары жанына тасуға трактор қуаты толық пайдаланылмай отыр.

Колхозшы Иван Дедик жолдас колхоз басқармасының еңбек ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерін сынады.

— Біздің колхозда, — деді ол, — еңбек-

ке жарайтын 300 адам бар. Олар егіс бригадалары мен фермаларға формальді түрде ғана бекітілген. Ал, колхозшылардың жыл бойы бір бригаданың, немесе бір ферманың қамтуында болып, белгілі бір жұмысқа тағайындалуы қамтамасыз етілмеді. Осы себепті бригадалардағы, фермалардағы адамдардың ауысуы жиіленді. Еңбек тәртібінің нашар ұйымдастырылуы салдарынан 25 колхозшы еңбеккүн минимумын таппаған. Ал, 9 колхозшы жыл ішінде колхоз өндірісіне мүлдем қатыспаған. Міне, мұның өзі колхоз өндірісінің кейбір аса маңызды салаларының өнімді аз беруіне, табыстың өте аз болуына әкеліп соқты. Осының салдарынан өткен жылы колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 1 килограмм 700 грамм ғана астық бөлінді, ал, ақшалай табыс мүлдем бөлінген жоқ.

Карпчук жолдас өзінің сөзінде колхоз басқармасы колхозшылардың мәдени-тұрмыс жөніндегі тілектерін қанағаттандыруға көңіл аудармай келгендігі жөнінде бағын сын айтты.

Колхоз мүшелері өздерінің есеп беру-сайлау жыйналысында Полудень МТС-нің аға агрономы Егшин жолдастың 1953 жылы МТС-тің колхозбен жасасқан шартының орындалуы жөніндегі баяндамасын тыңдады. МТС шартты жұмыстарының 91 процентін ғана орындаған.

Зябь пен пар жырту жөніндегі міндетте толық орындалмаған. Дәнді дақылдар егісінен жоспарлы өнім алынбаған. Трактор күшімен жер жұмыстауда агро-техникалық шаралардың бұрмалануына жол берілген. Трактор бригадасының жұмысын сағаттық график бойынша ұйымдастыруға аз көңіл бөлінген. Мал фермаларындағы еңбекті көп тілейтін ауыр жұмыстарды механикаландыру жөнінде колхозға ешбір көмек көрсетпеген.

Колхозшылардың есеп беру-сайлау жыйналысы колхоз басқармасының бұрынғы құрамының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді батыл сынап, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға нашар басшылық еткені үшін Игнатенконы колхоздың председателі міндетінен босатты. Колхоз председателдігіне 12 жыл бойы трактор бригадасының бригадирі болып істеген механизатор А. Вильвер жолдасты сайлады. Есеп беру-сайлау жыйналысы колхоз шаруашылығын бұдан былай да жан-жақты өркендете берудің нақтылы шаралары белгіленген қаулы қабылдады.

Б. ЖАҚЫПОВ.

(өз тілімізі).

Олқылықтан арыла алмай отыр


Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозында мал қыстату жұмысына нашар басшылық жасалып келеді. Мал күтуге әлі күнге дейін адамдар жеткілікті тағайындалмаған. Колхоздан алыстағы «Қулыттар» деп аталатын учасоктегі сыйыр малы фермасында 150-ге жуық мал бар. Ал, оларды небары үш адам болып күтіп

үш күн бойы су ішпей тұруы сияқты фактілер жиі кездеседі. Солай бола тұрса да, су тартқышты жөндетуді ешкім ойламай отыр.

Мал қоралары суық, олардың қақпалары жөндеілмеген. Малды түнгі уақытта күзету жұмысы ұйымдастырылмаған. Мү-

Болашақ механизаторлардың оқуы

Боновалов МТС-інде (Октябрь ауданы) механизатор кадрларын даярлайтын үш айлық курс жұмыс істей бастады. Онда 52 адам оқып жүр. Тыңдаушылар сабақ өткізуге арналған оқу үйі, жатақхана, оқулықтар, қазғаз, қарындасармен толық қамтамасыз етілген. Бұрхата МТС механизатор



Петропавл Пионерлер үйінің жанындағы авиомодельшілер үйірмесіне қатысушылар самолеттердің жаңа модельдерін жасап үйренуде.

СУРЕТТЕ: 9-класс оқушысы В. Шубновтың (сол жақта) өзі жасаған механикалық двигателі бар гидромодельді үйірмедегі жолдастары Ю. Пашков пен Б. Араповқа көрсетіп тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

СПОРТ

„Динамо“ спорт коллективінде

«Динамо» ерікті спорт қоғамында Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жыл толуына байланысты еңгімелер өткізіліп, қоғам мүшелері еңгімешілерге көптеген сұрақтар қойды.

Нәзір спорт қоғамының мүшелері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне лайықты тарту әзірлеуге күш жұмсауда.

Бүгінхалықтық мереке—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне әзірлене отырып, біз, Ленин орденді «Динамо»

ерікті спорт қоғамының мүшелері Отан қорғау спорт жұмыстары жөніндегі жоспарды сайлау күніне дейін асыра орындап шығамыз. Сол сияқты шаңғымен жүруден ГТО значогіне норма тапсыру жөніндегі жоспарды да осы мерекелі күнге дейін толық орындаймыз. Бұл — біздің сайлау күніне әзірлеген тартуымыз болады.

И. ТЕРЕЩЕНКО,

Спорт жұмысы жөніндегі қоғамдық нұсқаушы.

ХОККЕЙШІЛЕР ЖАРЫСЫ

Жуырда орыс хоккейі бойынша қалалық жарыс өткізілді. Оған «Авангард», «Динамо», «Локомотив», «Пищевик», «Энергия» ерікті спорт қоғамдары командаларының хоккейшілері қатысты.

Жарыста қаланың 1954 жылғы чемпионы атағын «Пищевик» командасы жеңіп алды. Бұл команданың хоккейшілері ойналған 4 ойынның үшеуінде жеңіске жетіп, біреуін тепе-тең есеппен аяқтады. «Авангард» ерікті спорт қо-

ғамының командасы екінші орынға, «Энергия» командасы үшінші орынға ие болды.

Орыс хоккейі жөнінде қала чемпионы атағын жеңіп алған «Пищевик» командасы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің физкультура және спорт секторының ауыспалы бөйгесімен, команда мүшелері бірінші дәрежелі дипломмен наградталды.

Л. СӘЛМЕНОВ.

Мектеп кітапханасы

Еңбек орта мектебінің (Ленин ауданы) кітапханасы аудандағы ірі кітапханалардың бірінен саналады. Мұнда марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларымен қатар орыс және дүние жүзі әдебиеті классиктерінің, орыс совет жазушыларының, туысқан ұлттар ақындары мен жазушыларының кітаптары жыйнақталған.

Еңбек орта мектебінің (Ленин ауданы) кітапханасы аудандағы ірі кітапханалардың бірінен саналады. Мұнда марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларымен қатар орыс және дүние жүзі әдебиеті классиктерінің, орыс совет жазушыларының, туысқан ұлттар ақындары мен жазушыларының кітаптары жыйнақталған.

Мектеп дирекциясы кітапхананың ойдағыдай жұмыс істеуі үшін толық жағдай жасаған. Кітапхана кең, жарық бөлмеге орналасқан.

ИСПАНИЯДА ЖӘНЕ АНГЛИЯДА АМЕРИКАН СОҒЫС БАЗАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ЛОНДОН, 1 февраль. (СОТА). Лондон радиосының хабарлауына, АҚШ Испанияда 4 авиация базасын салуға ниеттеніп отырған көрінеді. Олардың ең үлкені Мадридте жақын жерден салынады. 2 соғыс базасы Севилья ауданында салынады. Төртінші соғыс базасы Сарагоссадан алыс емес. Бұл жоспар туралы хабар американдық конгресс палатасы комиссияларының бірінші жабық мәжілісінде хабарланған. Сол сияқты, Испанияда американдық соғыс-теңіз флоты үшін 7 база салынатын болады.

АҚШ пен Англия арасында Англияда 19 авиациялық базалар құрылысы жұмысының аяқталуымен байланысты шығындар туралы келісілген. Бұл авиациялық базаларды американдық әуе-соғыс күштері пайдаланатын болады. Мұнан басқа, Англия соғыс уақытында салынған ұзындығы 400 миль мұнай провідын Құрама Штаттардың билігіне береді. Бұл базалар көзір американдар пайдаланып отырған базаларға қосымша ретінде американдық әуе-соғыс күштеріне беріледі.

СИРИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙ

БЕИРУТ, 1 февраль. (СОТА). Дамаск радиосы Сириядағы «хауіпсіздік күштерінің» отрядтары кеше Эс-Суейд (Джебел-Друз облысы) қаласында және төңіректенің деревняларда халықтың қолындағы қару-жарақты алу мақсатымен тінтулер жүргізді деп хабарлайды. «Телеграф» газетінің хабарлауына, Эс-Суейд қаласының халқы қалалық қамалға шабуыл жасаған. Мұнан басқа Джебел-Друз облысының 17 деревнясының халқы көтерілісшілерге қосылып, қару-жарақтар тартып алып, тау арасына кеткен.

Латаки қаласында кеше студенттер мен «хауіпсіздік күштерінің» арасында соқтығыс болған. 13 адам оққа ұшқан. Бір жауапты адамның хабарына сүйеніп, газет Сирия өкмет орындары 628 адамды тұтқынға алғандығын атап көрсетеді.

ЕҢБЕКШІЛЕР МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН КҮРЕСТЕ

ПАРИЖ, 1 февраль. (СОТА). Францияның Жаппай еңбек конфедерациясының мазмұндамасы баспасөзде жарияланып, онда 29 январьда шек қойылған жалақы минимумын тағайындау үшін және пенсия мен көмекті арттыру үшін еңбекшілердің күрес күнінің ойдағыдай өткендігі атап көрсетіледі.

Еңбекшілердің еркін білдіре отырып, Жаппай еңбек конфедерациясының Бюросы 24 сағаттық жаппай ереуілге даярлану туралы қарар қабылдады. Бұл ереуіл шек қойылған жалақы минимумын тағайындау туралы болатын күресте жаңа белес болып табылады.

АМЕРИКАН-ПАКИСТАН СОҒЫС ОДАҒЫНА ҚАРСЫ ГЕНЕРАЛ

жүр. Сөз жоқ, бұлар малдың орнын тазарту, малды азықтандыру, суару жұмыстарын еркін үлгере алмайды. Осыған қарамастан, колхоз басқармасы мал күту жұмысын жақсарту шараларын жүзеге асыруды ойламай отыр. Ол-ол ма, тіпті, колхоз председателі Үмітбаев жолдас көбінесе фермаларға келмейді де.

Даладағы жемшөпті мал қоралары жанына тасу ісі де қанағаттанғысыз. Бұған адам және көлік күштері өте аз бөлінген. Мал азығы жеткіліксіздігіне қарамастан, ол нормаға сәйкестендіріліп жұмсалмайды. Сабанды алдың ала әзірлеп, нәрлендіріп беру ескеруісін қалған істің бірі. Жел күшімен жүргізілетін су тартқыштың жұмыс істеуінің салдарынан малдың екі-

ғы төмендеп, сауын сыйырлардың сүттілігі едәуір кеміп кетуіне себепші болып отыр.

Бұл жағдайлар колхоз председателі Үмітбаев жолдасқа белгілі бола тұрса да, ол мал күтімін жақсартудың нақтылы шараларын қолданбай келеді. Мал қыстатуда кездесіп отырған мұндай олқылықтарға бұдан әрі төзімдік жасауға болмайды. Өйткені, мал шаруашылығын бүгінгі күннің талабына сай өркендету ең алдымен мал қыстатудың ойдағыдай өткізілуіне байланысты екендігі мәлім. Олай болса, колхоз басшылары орын алған кемшіліктерден тіптігі қорытынды шығарып, бұл істі батыл жақсартулары керек.

У. ТҮЙТЕНОВ.

Алдыңғы қатарлы шопандар

Преснов ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың мал өсірушілері арасында СССР Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өріс алуда. Бұл жарыста, әресе, шопандар Макин, Елеукин, Исаев жолдастар алдыңғы қатарда келеді. Олар қарамағындағы

малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай бағып, күтуде.

Барлық түлік азықпен қамтамасыз етілген. Төдейтін мал арнаулы күтімде. Төл тұратын орындар жабықталған.

С. ӨРКЕШОВ.

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Халық тұтынатын товарлар өндіру мәселесі кең жазылсын

Халықты көпшілік тұтынатын товарлармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету шұғыл міндет болып алға қойылып отыр. Бұл аса маңызды және күрметті міндетті ойдағыдай орындауда, көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл арттыру туралы партия мен үкметтің қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресте жергілікті баспасөз маңызды роль атқаруға тиіс. Алайда, республикадағы бір-қатар жергілікті газеттердің жұмысы осы жаңа міндеттердің дәрежесіне сай емес. Мұны Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің мысалынан айқын көруге болады.

«Ленин туы» газетінде жалпы өнеркәсіп мәселесі, әресе, халық тұтынатын товарлар өндіру мәселесі аз жазылады. Облыстағы көпшілік қолды товарлар шығаратын кәсіпорындар еңбекшілердің қажетін қалай орындап келеді, өнімнің ассортиментін арттыру, оның сапасын, сыртқы көрінісін жақсарту жолында қандай игі шаралар жүзеге асырылуда, халық қажетсініп отырған қандай жаңа өнімдерді шығару игерілді, міне, осындай маңызды мәселелер жөнінде жан-жақты қамтылып, байыбына барып жазылған материалдар тіпті аз. Газет бұл жөнінде көбінесе қысқа хабарлардан басқа марадымы ешнәрсе бере алмай келеді.

Неге бұлай? Солтүстік Қазақстан облысында көпшілік қолды товарлар өндіретін кәсіпорындар аз ба? Жоқ, аз емес. Аудан орталықтарын қоспағанда, бір ғана Пет-

ропавл қаласының өзінде халық тұтынатын товарлар шығаратын оннан астам кәсіпорын бар. Мұнда нан, ет-консерв комбинаттары, аяқкиім, тігін, махорка фабрикалары, шойын құю-таразы, былғары заводтары, бірнеше өнеркәсіп комбинаттары мен кәсіпшілік артельдері көптеп бері жұмыс істейді. Алайда, бұл кәсіпорындардың жұмысы, жетістіктері мен кемшіліктері облыстық газеттің бетінде жан-жақты көрсетілмей келеді.

Өткен жылдың екінші жартысынан бері еңбекшілердің қажетін өтеу тақырыбына арналып газетте үш-төрт автордың көлемді мақалалары басылды. Сол материалдардың бірі — ҚКП облыстық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары А. Чернышев жолдастың «Кәсіпшілік кооперациясы кәсіпорындарының жұмысын жақсарту берейік» деген мақаласы. Автор облыстағы кәсіпшілік артельдерінің жұмысына үстірт шолу жасап, көптеген фактілерді ешбір талдаусыз тіркеп шыққан.

«Комжмик», «Друг кооперации», «Деревообделочник» артельдері, — деп жазылған осы мақалада, — бірінші жарты жылда өнім шығару жөніндегі тапсырысты (?) орындауды қамтамасыз ете алмады. Сол сыяқты «Защитник Сталинграда», «Керамик» және «Охотник» артельдері де жоспарды орындамады.

«Сталин атындағы артельде (артельдің техникалық жетекшісі Счастней жолдас), сол сыяқты, Киров атындағы,

Гадсак жолдас сабақ береді. Ол болашақ механизаторлардың сапады білім алып шығулары үшін аяныбай күресуде. Мұнда теориялық мәселелерді практикада шеберлікпен пайдалана білу мақсатымен тыңдаушыларға практикалық сабақ ұйымдастырылған. Ол жоғары дәрежеде өткізіліп келеді.

У. ҚАСЕНОВ.

ӘРЫР СЫЙЫРДАН 2.000 ЛИТР СҮТ

Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхоз өткен жылы мемлекетке сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындаған болатын. Мұндай табыстарға жету жолында колхоз сауыншылары елеулі еңбек сіңірді. Мәселен, сауыншы Т. Тасжанова жолдас қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 2000 литр сүт алуға жетісті. Сауыншылар Ш. Әлжіжина, А. Сыдықова жолдастар да сүт саууда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Озат сауыншылар СССР Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі жарысқа қосылып, быыл өткен жылғыдан да мол сүт алу үшін қызу күрес жүргізуде.

Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

«Молот» және басқа артельдерде өнімнің сапасы мүлдем төмен. Бұл артельдерде ақаудың салдарынан болған шығынның мөлшері бірнеше жүз сомдап саналады».

Өрине, мұндай жете талдау жасалынбаған, жұмыстағы жетістік пен кемшіліктің сыры ашылмай, жалпылама жазылған мақаланың пайдасы шамалы. Бұдан басқа мақалалар жөнінде де осыны айтуға болады.

«Ленин туы» газетінің редакциясы халық тұтынатын товарлар шығаратын кәсіпорындардың басшыларына, еңбек озықтарына оқтын-оқтын газет бетінде сөз беріп отырды, сөйтіп көпшілік қолды товарлар шығарудың жаңа, озат әдістерін жалпы көпшілікке кең таратуды өдетке айналдырмаған. Мысалы, газеттің өткен бір номерінде жарияланған «Барлығы да еңбекшілердің қажетін өтеу үшін» деген бөлімінде көпшілік қолды товарлар шығаратын бірде-бір кәсіпорын басшысының, не бір еңбек озықтың мақаласы берілмеген.

Бұдан кейін де газет бетінде халықтың өскелең қажетін өтеу мәселесін сөз қылған өндіріс қызметтері сирек болды. Редакция бұл жөнінде бір-екі кәсіпорын басшыларының 20—30 жолдық хабарларын берумен ғана қанағаттанды. Бұлардың өзі де тек қаладан ұйымдастырылған, ал халық тұтынатын товарлар өндіру жөнінде жергілікті жерден авторлардың материалдары тіпті ұйымдастырылмайды деуге болады. Мысалы, Булаев, Октябрь, Совет, Полудень, Приземіс аудандарындағы көпшілік қолды товарлар шығаратын кәсіпорындар өткен жылы не жақсы, не нашар жұмыстарымен бірде-бір рет газетте сөз болған емес.

Солтүстік Қазақстанда көпшілік қолды товарлар шығаратын кәсіпорындардың

кітап қорымен үнемі пайдаланып оты-

ОҚУШЫЛАР КЕШТЕРІ

Смирнов орта мектебінде сенбі сайын оқушылар үшін әртүрлі тақырыпта демалыс кештері өткізіліп тұрады.

Жуырда жоғарғы класс оқушылары үшін сұрақ-жауап кеші өткізілді. Оқушылар оқушылардың түрлі тақырыптардан берген сұрақтарына жауап қайтарды, ал мектеп директоры А. Твердинова жолдас Ленин тауындағы Ломоносов атындағы Москва университеті туралы айтты. Кештен кейін оқушылар күшімен концерт қойылды.

М. ГАСИМОВ.

«Ленин туының» дабылынан кейін

«Кинофильмдер көрсету ісіндегі кемшіліктер тез жойылсын»

Газетіміздің 1953 жылғы 30 декабрьдегі санында «Кинофильмдер көрсету ісіндегі кемшіліктер тез жойылсын» деген тақырыппен тілші хаттарына шолу жарияланған болатын. Онда, облыс

жұмысы қанағаттанғысыз. Облыстағы өнеркәсіп комбинаттарының үштен екісі, кәсіпшілік артельдерінің тең жартысы өткен жылдың өндірістік жоспарын орындай алған жоқ; шана, арба, былғары, кірпіш, пима сыяқты аса қажетті заттар тұтынушыларға жоспардағыдан едәуір кем берілді. Сол сыяқты, шығарылған өнімдердің сапасы да тұтынушыларды толық қанағаттандырмайды. Бірақ, «Ленин туы» газетінің редакциясы облыстағы осындай жағдайды көре-біле тұра, бұл жөнінде үндемей отыр.

Газет Преснов аудандық өнеркәсіп комбинатының жұмысы жөнінде «Комбинат тұтынушылар алдында борынты» деген сын мақала берді. Бұл біраз зерттеліп жазылған, аз да болса талдауы бар, тәуір мақала. Бірақ солғы алты айдың ішінде халықтың өскелең тілегі мен талабын ойдағыдай өтей алмай, сапасыз, нәрсіз өнім шығарып келе жатқан кәсіпорындардың жұмысы жөнінде бұдан басқа айтуға тұрарлықтай бірде-бір сын мақала басылған жоқ. Бұл газеттің басты кемшіліктерінің бірі.

Солтүстік Қазақстан облысы жағдайында арба, шана, үй тұрмысына қажетті түрлі мебель өндірісін арттыруға зор мүмкіндіктер бар. Бірақ бұл мүмкіндіктер толық пайдаланылмайды. Ал облыстық газет бұл жөнінде де ешнәрсе жазбай келеді.

«Ленин туы» газеті өзінің бір басмақаласында «...еңбекшілер талабынан кейін қалып қояға ешкімнің правосы жоқ» деп жазған болатын. Осы сөзді дәл газет редакциясындағылардың өздеріне айтуға тұра келеді.

(«Социалистік Қазақстан», 30 январь).

С. ЖҰМАБАЕВ.

КОЛХОЗГА КӨМЕК

Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелінің № 1 бригадасындағы мектеп оқушылары өздерінің демалыс күндері тұқымдық астықты тазартуға үнемі көмектесіп тұрады. Мәселен, қысқы каникул кезінде оқушылар колхоздың 650 центнер астығын тазартуға көмектесті. Өресе, А. Кәсібаев, В. Ибраев, М. Баятов, Т. Әпенев сыяқты оқушылар үлгілі еңбек етті.

Колхоз басқармасы оқушыларға бұл көмектері үшін алғыс жариялады.

Н. ҒАНИЕВ.

ПАРИЖТІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 1 февраль. (СОТА). Франс агенттігі мынаны хабарлады:

31 январьда Каир радиосының хабарлауына, ағылшын парламентінің мүшесі лейборист Ян Микардоға берген мәлімдемесінде Египеттің президенті генерал Нагиб Пакістан мен Құрама Штаттар арасындағы пакт, Египет үкіметінің пікірі бойынша, арап мемлекеттеріне қарсы бағытталған дұшпандық пакт деп мәлімдеген.

ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 1 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Джакартадан берген хабарына қарағанда, бүгін Голландияның «КПМ» көме компаниясының индонезиялық 3 мыңға жуық жұмысшылары мен қызметшілері ереуіл жариялаған. Олар жалақының арттырылуын талап етуде.

ИРАК ЖӘНЕ САУД АРАВИЯСЫ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ ҚАРАРЫ ТУРАЛЫ ЕГИПЕТ ГАЗЕТІНІҢ ХАБАРЫ

КАИР, 31 январь. (СОТА). «Аль-Ахрам» газетінің хабарына қарағанда, Ирак және Сауд Аравиясының үкметтері американы соғыс көмегінен өздерінің бастартатындығын АҚШ үкметіне хабарлаған.

ЖАПОН ШАХТЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ШАНХАЙ, 1 февраль. (СОТА). Жапон радиосының хабарына қарағанда, көмір өнеркәсібі жұмысшыларының ұлттық одағының шақыруы бойынша, 210 мың жапон шахтерлері жалақының арттырылуын талап етіп, 2 сағаттық ереуіл өткізген.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАҒДЫРДЫҢ ШАҚЫРУЫ»

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАКСИМКА»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.

Петропавлдың пима басу фабрикасына түпкілікті жұмысқа жұмысшылар және көчегарлар КЕРЕК.
Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.
Адрес: Бостандық көшесі, 104-үй.

Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 44-үйде тұрушы Дмитрий Никифорович Никонов Тәжік ССР-і, Ленинабад қаласы, Жібек комбинаты, Тоқыма фабрикасы, 2-үйде тұрушы Надежда Васильевна Никоновадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласының 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.